



# САРҚАН

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады

• [www.sarkan-gazeta.kz](http://www.sarkan-gazeta.kz)

• e-mail: [Igiman01@mail.ru](mailto:Igiman01@mail.ru)

• №8 (95113) 28 ақпан 2025 ж.

## Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Қазақстан халқы ассамблеясының XXXII сессиясында сөйлеген сөзінен



► Біз "бірлік пен тұрақтылық болмаса, саяси-экономикалық реформалар жүзеге аспайды" дейміз. Әрине, бұл – дұрыс пайым. Бірақ бірлік дегеніміз мақсатымызға апаратын жол ғана емес. Бұл – мемлекеттілігіміздің ең басты тірегінің бірі.

► Қазақстандағы барлық этнос өкілдері қазақтың болмысын бойына сіңіруде. Елімізде қазақтың салт-дәстүрін ұстанатын өзге ұлт өкілдері өте көп. Оны өздеріңіз жақсы білесіздер. Қазақстан олар үшін туып-өскен, ержеткен, білім алған, отбасын құрған қастерлі мекені, Отаны болып саналады. Бұл – табиғи үрдіс.

► Ассамблея – еліміздің саяси жүйесінің аса маңызды бөлігі. Бұл құрылым ел бірлігін нығайтуға орасан зор үлес қосып келеді. Ассамблеяның қызметіне көптеген азаматымыз атсалдырып жүр. Былтыр Ассамблеяны дамыту тұжырымдамасы бекітілді. Онда жұмыстың басым бағыттары айқындалды. Басты міндеттің бірі – жұртты азаматтық бірегейлікті дамыту ісіне жұмылдыру.

► Бірлігіміз бен татулығымызға сына қаққысы келетін кез келген арандатушылық әрекетке батыл түрде тосқауыл қою қажет.

► Әрбір азамат өз болашағын Қазақстанмен тығыз байланыстыруы керек. Сонда ғана халқымыз біртұтас ел болып тұра алады. Ешкімді ұлтына, тіліне, дініне қарап кемсітуге болмайды. Қоғамда мұндай ұстанымға сай бөлектенуге жол берілмейді. Әрқайсымыз – Қазақстан атты қасиетті қара шаңырақтың перзентіміз. Бәріміз – бүгінгі өмірі және болашағы – бір бауырлас азаматтарымыз.

► Ақпараттық кеңістігімізде және қоғамда достық пен татулық, сындарлы диалог пен адами қарым-қатынас рухы салтанат құруға тиіс. Қазақстан үшін бұл ойдан шығарылған немесе жасанды ұғымдар емес. Бұл – біздің тарихымыз, бүгінгі тіршілігіміз, ең бастысы, келешегіміз.

► Халқымыздың ынтымақ-бірлігі бұл – тағдырдың бере салған сыйы емес. Бұл – ең алдымен, жұртымыздың күнделікті табанды еңбегінің арқасы екенін дұрыс түсінуіміз керек. Сондықтан біз бірлігімізді күн сайын нығайтып отыруымыз қажет. Яғни, татулық пен келісім халқымыздың өмір салтына айналуға тиіс. Әйтпесе, елдікті сақтап қалуымыз өте қиын болады.

► Мен барша отандасымызды еліміздің береке-бірлігін бағалай білуге шақырамын. Шын мәнінде, ел бірлігін нығайту үшін қызмет ету – ең жауапты әрі сауапты іс. Елдікті бұзу, бірлікті шайқалту, бұл – заң алдында – қылмыс, Құдай алдында – күнә. Осыны бәріміз терең түсінуіміз қажет.

Жетісу облысында халықтың әлеуметтік осал топтары санатынан 30 отбасы жаңа үйлі болды. Талдықорған қаласындағы «Жастар-3» жаңа тұрғын ауданынан берілген үйлердің кілтін облыс әкімі Бейбіт Исабаев табыстады. Жалпы жыл басынан бері облыс орталығында кезектегі 102 отбасы жаңа баспанаға кірді. Атап айтқанда, «Береке» коттедж қалашығының, «Жастар-3» тұрғын алабында әлеуметтік осал топ санатындағы азаматтар мен көп балалы отбасылар үйлі болды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Кілт беру салтанатына қатысқан облыс әкімі Бейбіт Исабаев жаңа қоныс иелерін қуаныштарымен құттықтап, баспанамен қамту бағытында өңірде атқарылып жатқан шараларға тоқталды:

- Мемлекеттің қолдауымен қабылданып жатқан шаралардың арқасында Талдықорғанда биыл жыл басынан бері әлеуметтік осал топтар санатымен кезекте тұрған 102 көпбалалы отбасы үйлі болды. Солардың қатарда бүгін сіздер де өз үйлеріңіздің кілтін алып отырсыздар. Дәл осы жаңа тұрғын алабында 56 үй салынды, биыл біз 150 үй салуды жоспарлап отырмыз. Жалпы мұнда 700-ден астам үй болады. Жол жасалады, құжаттар дайын. Сондай-ақ биыл газдандыру жұмыстарын бастадық. Осылайша бұл аудан алдағы уақытта қаланың үлкен ері әдемі заманауи шағын аудандарының бірі болады. Содан кейін біз мұнда әлеуметтік нысан-

## Талдықорғанда жыл басынан бері әлеуметтік осал топтағы 102 отбасы үйлі болды



дарды салу мәселесін қарастыра бастаймыз. Жалпы өткен жылы Талдықорғанда тұрғын үй кезегі 8,3%-ға азайды, осы жылы тағы 1400-ден астам отбасына тұрғын үй беріледі деп жоспарлап отырмыз. Сөйтіп 2023-2025 жылдары облыс орталығында кезекте тұрған 5 мыңға жуық адам тұрғын үймен қамтамасыз етіледі, - деген Б. Исабаев «Жастар-3» тұрғын алабындағы үйлердің кілттерін тапсыру

## ЖҰМЫСШЫ МАМАНДАРЫН ТӘЖІРИБЕДЕН ӨТКІЗЕТІН ОРТАЛЫҚ САЛЫНАДЫ

Президенттің биылғы жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялауына байланысты Талдықорған қаласында жұмысшы мамандарды тәжірибеден өткізетін орталық салу жоспарланып отыр. Нысанның құрылысы биыл басталып, келесі жылы бітеді. Орталықтың практикалық сабақтары жаңа технология негізінде оқытылады.

Бұл туралы облыс әкімі Бейбіт Исабаев журналистерге берген сұхбатында айтты, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



Облыстық білім басқармасының мәліметі бойынша, өңірдегі 9 колледжде 14 жаңа мамандық ашылған. Бұл ретте заман талабына сай дәнекерлеуші, механик, балық зауытының технологиясы, аккумулятор зауытының технологиясы, дронды ұшыра алатын, цифрлық технологияны іске қосатын мамандар даярлауға баса назар аударылып отыр. Кербұлақ ауданында жаңадан ашылып жатқан өндіріс ошақтарының бірі тау-кен металлургия комбинаты өздеріне керекті мамандарды дайындайтын техникалық колледж ашу жұмыстарын жүргізуде.

Еске салсақ, өңірде «Жаңа мамандықтар атласы» бекітілген болатын. Онда еңбек нарығы мен өңірдің экономикасын дамыту талаптары ескеріле отырып, 5 негізгі бағытқа – ауыл шаруашылығы, өңдеу өнеркәсібі, туризм индустриясы, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, энергетика және жаңартылатын энергия көздері салаларына бағдарланған.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

## Зауыттарға өткізілген қант қызылшасына берілетін субсидия толық төленді

Жетісу облысында Ақсу және Көксу қант зауыттарына өткізілген таза салмағы 560 мың тонна қант қызылшасына 14 млрд. теңге субсидия толық көлемде төленді, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметіне қарағанда, қант қызылшасы бойынша субсидиялауға 679 өтінім түскен. Соған сәйкес шаруаларға субсидия толық көлемде төленді. Сондай-ақ Ақсу және Көксу қант зауыттары қабылдаған қант қызылшасы үшін шаруа қожалықтарына 8,4 млрд. теңге төледі.

- Біз Ақсу, Көксу зауыттарына қант қызылшасын өткізгенбіз. Бүгінгі күні екі зауыт та шаруашылықтарымызбен тиесілі есеп айырысып болды. Қазіргі кезде басым дақылдарға берілетін субсидияны алдық, соның арқасында көктемгі дала жұмыстарына дайындығымыз қызу жүріп жатыр. Жалпы көктемгі егіске қажетті техникаларды жөндеу жұмыстарын осыдан бір ай бұрын бастағанбыз. Қазір егістік алқаптарға керекті тұқымға тапсырыс беріп қойдық. Біз жыл сайын қант қызылшасын кем



дегенде 100 гектар жерге себеміз. Биыл да қант қызылшасын, жүгері, майбұршақ сияқты бірқатар дақыл егуді жоспарлап отырмыз. Көктемгі дала жұмыстарына жеңілдік бағамен берілетін жанар-жағармай алатын қаржымыз да дайын, - дейді Көксу ауданындағы «Кең дала» шаруа қожалығының басшысы Қалибек Алпысбаев.

Еске салсақ, өткен жылы Жетісу облысында қант қызылшасының

егіс алқаптары 13,7 мың гектар болды. Одан жалпы 635,0 мың тонна өнім алынды, орташа өнімділігі гектарына 465,0 центнерден айналды. Алынған өнімнің 5 мың тоннасы мал азығына бағытталса, 630 мың тоннасы зауыттарға өткізілді, оның 560 мың тоннасы таза салмақты құрады.

**Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**



далеко от идеального.

В 2024 году государству было возвращено 127,6 тыс. га неиспользуемых земель. Наибольший объем пришелся на Алакольский (43,7 тыс. га) и Каратальский районы (18,5 тыс. га). В то же время 113,5 тыс. га были распределены через конкурс, включая 36 тыс. га из числа ранее возвращенных. В 2025 году планируется вернуть еще 90 тыс. га, что говорит о системном подходе к решению проблемы нецелевого использования земли. Среди основных проблем землепользования сегодня остается дефицит пастбищ, который наиболее остро ощущается в Панфиловском (133,4 тыс. га), Алакольском (112,2 тыс. га) и Ескельдинском (99,2 тыс. га) районах. За прошлый год управлением земельных отношений области Жетісу организо-

## 127,6 ТЫС. ГА НЕИСПОЛЬЗУЕМЫХ ЗЕМЕЛЬ ВОЗВРАЩЕНО В ОБЛАСТИ ЖЕТИСУ

В регионе работает геоинформационный портал, обеспечивающий прозрачность распределения угодий. Он позволяет получать доступ к информации о землях и снижает риски коррупции.

Современные цифровые технологии играют ключевую роль в управлении сельскохозяйственными землями. В области Жетісу активно работает геоинформационный портал, обеспечивающий прозрачность распределения угодий, а также автоматизацию государственных услуг. Наличие полной и актуальной информации предоставляет гражданам возможность получения открытого доступа к земельной, градостроительной и иной информации, а также получения государственных

услуг в электронном формате, передает корреспондент Vestnik19.kz

Это также инструмент для государственных органов для землеустроительного, градостроительного планирования, принятия управленческих решений и, конечно же, качественного оказания государственных услуг в максимально короткие сроки. Он не только позволяет гражданам получать доступ к информации о землях, но и снижает риски коррупции.

Благодаря цифровизации каждый гектар находится на особом контроле. Так, в области на сегодняшний день пашни занимают 533,4 тыс. га, из которых 262,2 тыс. га приходятся на орошаемые земли. Сенокосы составляют 126,4 тыс. га, а пастбища – 3,9 млн га. Однако, несмотря на значительный земельный ресурс, его использование

вано 238 проверок на площади 85,2 тыс. га. Выдано 205 предписаний об устранении нарушений.

Также в регионе действует программа восстановления плодородия. В ее рамках разработана региональная Дорожная карта, предполагающая ведение системной и постоянной работы по улучшению качества почвы. Еще одной важной задачей стало увеличение площадей посевных. Для этого в каждом районе разработаны проекты для улучшения ирригационных сетей.

Такой комплексный подход позволяет повысить эффективность использования земель сельскохозяйственного назначения.

**Жанар МЫКТЫБАЕВА.**

## Бейбіт күннің аспаны ашық

2024 жыл Орталық Азия мемлекеттерімен көпжоспарлы ынтымақтастықты нығайту тұрғысынан серпінді жыл болды. Мемлекет басшысының «Орталық Азияның Ренессансы: орнықты даму мен өркендеу жолында» бағдарламалық мақаласы өңірдегі бауырластық қатынастардың, тату көршілік пен стратегиялық серіктестіктің форматын белгіледі.

Өзбайжан Президенті, БҰҰ Бас хатшысының ОА жөніндегі арнайы өкілі және БҰҰ Орталық Азия үшін превентивті дипломатиясы жөніндегі өңірлік орталығының басшысының қатысуымен Орталық Азия мемлекеттері басшыларының консультативтік кездесуінің 6-шы отырысын өткізу маңызды болды. Саммит қорытындысы бойынша «ОА-2040» Өңірлік кооперацияны дамыту тұжырымдамасына, 2025-2027 жылдарға арналған Өңірлік ынтымақтастықтың жол картасына, сондай-ақ 2025-2027 жылдарға арналған Өнеркәсіптік кооперацияны дамыту жөніндегі іс-қимыл жоспарына қол қойылды.

Бұдан басқа Қазақстан қақтығыстарды реттеуде делдал бола отырып, халықаралық дипломатияда маңызды рөл атқаруды жалғастыруда. Астана процесі аясында біз Сирия дағдарысы бойынша келіссөздер алаңын ұсындық. Қазақстан негізгі қатысушыларды біріктіреді және ымыралық шешімдерге қол жеткізуге ықпал етеді. Сондай-ақ ел өңірлік қақтығыстарды шешу үшін халықаралық медиация орталығын құру туралы ұсыныс жасады, бұл профилактикалық дипломатия механизмдерін дамытудағы маңызды қадам болады.

Қазақстан әлемдік саясатқа интеграцияның жоғары дәрежесін көрсетіп отыр. Еліміз энергетика, көлік, сауда және цифрлық технологиялар салаларындағы ірі өңірлік жобаларға бастамашы болып отыр. Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамыту, «Бір белдеу – бір жол» жобасы аясындағы ынтымақтастық және Еуразиялық экономикалық одаққа белсенді қатысу еліміздің жаһандық экономикалық байланыстарды нығайтуға бейілділігін растайды. Жасыл технологиялар мен экономиканы декарбонизациялау жөніндегі бағдарламаларды енгізу Қазақстанның халықаралық күн тәртібінің маңызды бөлігіне айналды. Еуропалық одақ және Таяу Шығыс елдерімен орнықты даму және энергетика саласындағы ынтымақтастықты кеңейту маңызды аспект болды.

Қазақстан бейбітшілікке бағытталған сыртқы саясат ұстануды жалғастырады. Ел Еуразиялық кеңістікте қауіпсіздікті, орнықты даму мен өркендеуді қамтамасыз етуге елеулі үлес қосуда. БҰҰ, ДСҰ және басқа да халықаралық ұйымдардың жаһандық бастамаларына қатысуды кеңейту, жетекші державалармен стратегиялық серіктестікті дамыту және экономикалық дипломатияны тереңдету елдің сыртқы саясатының негізгі басымдықтары болып қала береді.

**Жомарт ИГИМАН,**  
**Қазақстанның Құрметті журналисі.**





## Ерлік - елге мұра, ұрпаққа - өнеге



**Алипов Шатырбай**

Аманбөктер ауылынан 1942 жылы соғысқа аттанған Шатырбай Алипов Владивостоктан 6 ай дайындықтан өтіп, 218-Қызыл тулы полк құрамында басқыншы жауды өз ұясында талқандауға үлес қосады. Жеңісті 1945 жылы Одер өзенінен өтіп, Дрезден қаласында қарсы алады.

Қытайдың Манчжурия өлкесін

Жапон басқыншыларынан азат етуге қатысып, 1947 жылы елге оралған Шатырбай ақсақал Аманбөктерде сүт фермасының меңгерушісі, мал шаруашылығы саласында бригадир болып, зейнетке шықты.

«I және II дәрежелі Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін» медалімен және Жеңістің 30,40,50,55 жылдығы мерекелік медальдарымен марапатталып, 1995 жылы Н.Назарбаевтың арнайы қолсағатын иеленген. Ауданның экономикалық-әлеуметтік жағдайын көтеруге қосқан үлесі үшін төсбелгілерімен, Лениннің 100 жылдығы медалімен марапатталып, Ауыспалы Қызыл тудың иегері атанған.

9 баладан немере, шөбере көріп, 2003 жылдың желтоқсанында бақилық болды.

### Жұмағалиев Әйнекбай

1910 жылы дүниеге келген. Ұлы Отан соғысының 1 дәрежедегі мүгедегі. Аңызға айналған Ленинградты қорғауға қатысып, ерлігі үшін жауынгерлік медальдармен марапатталған.

Ғұмыр бойы Қарашыған ауылын-



да балықшы болып, адал еңбегінің жемісін көріп, өмірінің соңында Алматы қаласында тұрып, ғасыр жасап, жүз жасқа келіп қайтыс болды.

10 бала тәрбиелеп өсірді. Үлкені Жұмағалиев Қуатбек Лепсі шеге зауытында инженер болып, зейнетке шықты. Әйнекбаев Мұратбек Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, М.Әуезов театрын-

да қызмет атқарды. Жұмағалиев Сләмбек Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, Қарағанды қаласының С.Сейфуллин атындағы драма театрының режиссеры, актері, Әйнекбайұлы Ғылымбек аудандық балалар мен жасөспірімдер мектебінің директоры болды. Басқа балалары да өмірден өз орындарын тапты. Балаларынан өрбіген немерелерін, шөберелерін, шөпшегін көрді.

### Құсайынов Диханбай

#### Құсайынұлы

1921 жылы Семей облысы, Шұбартау ауданында дүниеге келген. Қапал педагогикалық училищесін, Абай атындағы педагогикалық институтының математика факультетін бітірген.

1941 жылы Бөрлітөбе ауданы, Үлгі жетіжылдық мектебіне мұғалімдік қызметке орналасады. Осы жылы армия қатарына алынып, 1942 жылдан Ашхабад қаласындағы 83 дивизиясының полкі құрамында, Солтүстік Кавказ майданындағы шайқастарға қатысады. 1945 жылы қазан айында лейтенант атағымен елге оралады.

Соғыстан кейін Бөрлітөбе ауданының мектептерінде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, директоры болды. Бөрлітөбе, Қапал аудандық партия комитеттерінің үгіт-насихат бөлімдерінің меңгерушісі, аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары, «Ақсу» кеңшарының партия комитетінің хатшысы, Әуезов атындағы жетіжылдық, Орманов атындағы орта мектептерінің директоры болды. «Қызыл жұлдыз», «Ұлы Отан соғысы» ордендері және 17 медальдің иегері.

## Кемел білім иесі

**Ұлы Отан соғысының тардагері, баспа саласының редакторы, жазушы, аудармашы Ахметов Сейсенбек Мұхамәдиұлымен (1922-1994) жүздесіп, кеңінен әңгімелесуге мүмкіндік берген 1990 жылдың қыркүйек айы әлі жадымда. Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Амангелді Бекбосынов шақырып, жазушы Сейсенбек ақсақалмен таныстырды. Ұзақ жыл Алматыда тұрып, қаламгерлігімен елге танымал майдангер ағамыз туған жері Көкжидені араламақ көрінеді. Әке-шешесін білетін көнекөздер жолықса мәслихаттас болғысы келеді.**

Ұсыныс қабыл алынды. Сол кезде "Прибалхаш" совхозы деп аталатын Көкжиде ауылын армансыз араладық. Үлкендермен жүздестік, қона жатып әңгімелестік. Жазушы ағамыз шешілген сәтте арғы-бергіден кеңінен әңгіме қозғады.

-Мен мұхиттай терең Мұхтар Әуезовтың дәрісін тыңдадым. Ұлы жазушының жетекшілігімен дипломдық жұмысымды қорғадым,-деді ол келелі бір кеңес үстінде.

Қазақтың мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітіретін жылы ол диплом жұмысының тақырыбын "Біржан-Сара айтысының ақиқаты" деп бекітіп алады. Ақсу-Қапал өңірінде Сараның бауыры тірі, көзкөргендер өмірден өте қоймаған айтыстың дәл бүгінгі көркем

деңгейінде болмағандығын, әдеби нұсқасын Әріп Тәңірбергенов жазғанын қолмен қойғандай дәлелдеп, дайын жұмысымен Мұхтар Омарханұлын таныстырады.

-Сейсенбек,-дейді ғылыми еңбекті оқып шыққан жазушы, - жазғаның дәлелді. Мәселен Шыңғысхан туралы әлемдік деңгейдегі барлық туындыларда "Шыңғыс анасының жатырынан қан шеңгелдеп туды" деп жазылады. Олардың қайсысы оның кіндік шешесімен тілдесіпті? Бұл әлемді билеген ханның қаталдығын танытатын мысал емес пе? Сол сияқты "Біржан-Сара" айтысы болмаған десек қазақ халқы ұтылмай ма? Осындай көркем сипатты айтыс болды дегеніміз халқымыздың биік өресін танытпай ма? Ендеше бұл тақырыпқа қайта оралмаймыз, диплом жұмысына басқа тақырып береміз.

Осылайша Мұхтар аға ақылымен бұл тақырыпқа қайта оралмағанын, көрген-білгенін қағазға түсіргенін, қазақ жазушыларының сапында әдебиетті танытуға үлес қосқанын ортаға салып еді.

Сейсенбек Мұхамәдиұлы 1922 жылы 26 желтоқсанда Көкжиде деген жерде дүниеге келіп, орталау мектепті бітіргеннен кейін 1938-1941 жылдары Қапал педучилищесінде оқиды. Ұлы Отан соғысы басталысымен ол әскер қатарына алынады.

Сейсенбек аға соғыс мүгедегі болып елге келгеннен кейін С.М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне түседі. Оны бітірген соң 1947 жылы шілдеде Талдықорған облыстық

«Сталиншіл» газетінің жауапты хатшысы болып тағайындалады. Ал 1950-1951 жылдары «Лениншіл жас» газеті редакциясында бөлім меңгерушісі болды.

С. Ахметов ұзақ жылдар бойы Қазақстан баспаларында редактор, аға редактор, бөлім меңгерушісі, Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетте аға бақылаушы редакторы болады.

С. Ахметов С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің аспирантурасын, жұмыс істей жүріп Москва полиграфия институтының редакторлық бөлімін бітірген. «Баспасөз үздігі», Республика мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткер С. Ахметов Отан соғысының бірінші дәрежелі, «Қызыл Жұлдыз», «Құрмет белгісі» ордендерімен және бірнеше медальмен марапатталған.

Оның публицистикалық еңбектері өмірдің өзінен алынып жазылғандықтан сол дәуірдің шындығын паш етеді. Өткен ғасырдың қырықыншы, елуінші, алпысыншы жылдары "Лениншіл жас", "Сталиншіл", "Социалистік Қазақстан", "Казахстанская правда" газеттерінде, "Қазақстан коммунисті" журналында жарияланған өзекті материалдары әлі де маңызын жойған жоқ. "Орталық Қазақстан", "Ертіс" сынды өлкелік, облыстық, аймақтық газеттерде жаңа бастамаларды, тың талпыныстарды арқау еткен мақалалары қаламгердің уақыттан озған шығармашылық қуатын көрсетеді. Кәсіби аудармашы ретінде ағамыздың "Жұлдыз" журналының 1987 жылғы №1 санындағы "Ба-



ламасы бар сөзді бағалайық" атты сыни еңбегінің көпшілікке ой салғаны анық. Мұнда автор көркем аудармаға талғам мен талап тұрғысынан қарап бірқатар көркем аудармалар тіліндегі селкеулікті сын садағына алған. Сынап қана қоймай өзі де осы салада кәсіби аудармалар жасап, қазақ әдебиетінің көкжиегін кеңейткен. Сонымен қатар жазушы Сейсенбек Мұхамәдиұлының әңгімелері, новеллалары, төлтума туындылары оқиғаларының күрделілігімен, кейіпкерлерінің даралығымен оқырмандарды қызықтырды.

Өмір алдыға жылжып барады. Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында майдан отына шарпылып, шыңдалып, көргенін, көңілге түйгенін кейінгілерге мұра етіп қалдырған жерлес қаламгер туралы есте қалған айшықты сәтті қағазға түсірдім. Соңында әдеби мұраларымен қатар ізгі жүректі перзенттері қалған жазушының екінші өмірі ұзақ болатындығына дау жоқ.

Жомарт ИГИМАН.

## • 1 наурыз - Алғыс айту күні

Жомарт ИГИМАН

Ұлан-ғайыр қазақ даласы кезінде отаршылдардың көз құртына айналғаны сөзсіз. Ақылмен, айламен, қарумен, күшпен бағындыру содан кейін өріс алды. Қазақпен бауырласып кеткен басқа ұлт өкілдері көптеп саналады. Олардың еліміз туралы елжіреп айтқан сөздері, ақжарма алғыстары жаныңды нұрға бөлейді. Осындайда алдымен шетелдіктердің қазақ туралы ой-пікірлері ойға оралады.

"Қазақтар өздерінің кім екенін білсе, әлемді жаулап алады" депті II Екатерина патшайым. «Қазақ өздерінің кім екенін білсе масаттанғандықтан өліп кетуі мүмкін» депті қанқұйлы И.Сталин. Сондықтан патшалық, кейіннен кеңестік билік тарихымызды аударып-төңкеріп, жақсымызды өздеріне алып, қазақтар революцияға дейін сауатсыз, бейшара халық еді дегенді көкейімізге еріксіз сіңірді.

Қазақтың арасында жүріп, салт-санасын зерттегендер халқымыздың жүйелі тәлім-тәрбиесіне ден қойғаны анық. "Қазақты оқытудың қажеті жоқ. Салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары түгелдей тұнып тұрған білім!", - деген пікір қалдырған Ресей географы, статист Семенов-Тянь-Шанскийдің сөзі шындыққа айналды. 1936 жылғы Мәскеуде өткен қазақ өнерінің онкүндігінен кейін жазушы Александр Фадеев Всеволод Ивановқа «Қазақ әні Москваны басып кетті ғой! Қазақтың қандай талантты ел екенін білгің келсе, "Қыз Жібегін" көр! Күләш Бәйсейітова артық-кемі жоқ - бұлбұл!» деп таңданысын жасыра алмапты. Орыс ғалымы Григорий Потанин «Қазақтар – еті тірі, дені салауатты, өмірге іңкәр халық. Олар сауық-сайранды жаны сүйеді, ашық түсті киім-кешекті, өмірінде мереке, той-думандарды ұнатады. Өртістік өнер мен сәнді жасану жарыстары қазақтардың бойына атаққұмарлық нышанын дарытуы да ықтимал, мұның өзі оларды француздарға ұқсататын секілді. Афиндықтар тәрізді қазақтар жаңалықты әдеттен тыс ұнатады.

Мейлі дала құнарының аңқасы кеуіп қалса да, мейлі табиғат шөлейтке төнген қатерге қарсы күресте дәрменсіз болса да, қазақ өмірі үшін халықтың рухани қан-тамырында күш-жігердің көл-көсір қайнар көзі бар, тек қазақтардың өздері осы қайнардан теріс айналмаса болғаны» деп халқымыздың бойындағы қасиетін дұрыс бағалайды.

«Қазақ – қызу қанды халық. Оның рухында жайсаңдық, ізгілік тән, ұдайы жайдары жүреді. Сергек әрі еліктегіш келеді. Жүйкесі көмбіс, ашуланбайды. Бар ниетімен ақкөңіл, адал, басқаның қайғы-қасіретіне ортақтасқыш, қонақжай, салауатты және төзімді. Олардың бойында қатыгездік пен кекшілдік жоқ. Ұрыста немесе шабуыл кезінде ажалмен бепте-бет келсе ешқандай абыржымайды. Мейлінше тату-тәтті өмір сүруді қалайды. Әйелдері иманжүзді, ақылды» деген пікір ресейлік дәрігер Николай Зелендтің 1885 жылы Омскі қаласында жарық көрген «Киргизы» кітабынан алынып отыр.

Біздің тіліміздің өміршеңдігін Сергей Маловтың «Түркі халықтарының ішіндегі ең суретшіл, образды тіл – қазақ тілі. Қазақтар өзінің шешендігімен, әсем ауыз әдебиетімен де даңқты» деген лебізі айшықтап тұрған жоқ па?

Ағылшын инженері Д.У.Уарделл «Қазақтар – ержүрек, еркіндікті сүйетін халық. Бірақ өзге көшпенділер сияқты елгезектеу. Олар достарына ақкөңіл де, қонақжай, алайда жауларына аяу-



# Қазақ боп туғаныма мақтанамын

сыз. Оларға табиғат шешендік пен әзіл-мысқыл сезімін молынан сыйлаған. Ұлға үлкенді құрметтеу, әкеге әкелік борышын сезіне білу қасиеті тән» деп аз ғана жылдар ішінде көкейлеріне ізгі ой ұялатқан халық туралы тебірене қалам тербейді. Американдық дипломат, ғалым Юджин Скайлер «Қырғыздар (қазақтар) басқа да азиялық халықтарға қарағанда бейне бір бала мінезділігімен ерекшеленеді. Олармен өте жақын танысқаннан кейін қырғыздарды (қазақтарды) құрметтемеуге, жақсы көрмеуге ешқандай шараң қалмайды. Орта Азияда тұрған барлық адамдар - қырғыздар (қазақтар) басқа тайпалардан жоғары тұр» десе, Э.С. Вульорсон 1901 жылы жарық көрген «Киргизы» еңбегінде «Қазақ сияқты өн мен жырды қастерлейтін халықты табу қиын. Кең жазирада жүйткіп жүретін бұл халық бір ауылға келгенін әнмен білдіреді. Қуаныш-қайғысының бәрі әнмен өріледі. Әншілерін өте жоғары бағалайды. Ерлерден әйелдер де қалыспайды» деп жоғарыдағы пікірді тереңдеті түседі.

Қытайтанушы ғалым Генрих Клапрот 1825 жылы Париждегі «Азия» журналына француз тілінде жарияланған мақаласында «1806 жылдың күзі мен жазында Ертістің жоғары ағысын бойлап, төменгі Зайсан нұр көліне дейін барған саяхат кезінде күн сайын қазақтарды кезіктірдім. Аздап түркі тілін білетіндігім Орта жүз қазақтарымен сөйлесуіме септігін тигізді. Кейінірек басқа екі жүздің қазақтарымен кездескенімде олардың диалектісіз, бір тілде сөйлейтіндеріне көзім жетті. Қазақ тілі олардың түркі халқы екенін дәлелдейді» деп қазақ тілінің ұлан-ғайыр даламызға ортақ екендігіне сендіреді.

«Әрбір ұлт өз ұлтын өзге ұлттардан артық санайды. Бұл ұлтшылдық пен соғыс өртің тұтатады. Адамдар білуі керек, қанша мақтанғанмен, Қазақтан асып, Қазақтан артық мемлекет құрып, Қазақтан биік бола алмайды» деп кезінде жоғары пафоспен жазған екен Маобит түрмесінің құрбаны, татардың журналист-жазушысы Мұса Жалил.

Түрік Республикасының Президенті Тайып Ердоған "Қазақтар мен түріктердің мемлекеттік шекараларының қиыспайтындығы да, елтаңбаларының бір-біріне ұқсамайтындығы да бір-бірінен бөле алмайды. Біз түбі де, тегі де бір халықпыз. Аталы тұқым ешқашан азып-тозбайды» дегені түбі бір түркі жұртының бірлігіне, ынтымағына жетелейді.

"Қазақ халқының мәдениетінің,

рухының қаймағы бұзылған жоқ. Тегі - сол тек, ол - "көк бөрі". Қанша дауыл соқсын, үскірік аяз шалсын қиындықтарды жеңіп, даламен де, қаламен де, жалпы әлеммен бірге үндестікте келе жатыр. Бұл көкжалдық емей немене?!" деген екен Түркия Республикасының бұрынғы мәдениет министрі Намык Кемал Зейбек.

Өзбекстан Республикасының Тұңғыш Президенті Ислам Каримовтың "Біз өзбектер бір туғанымызды, туысымызды алыс сапарға жіберіп жатсақ "Досың қазақ болсын" деп бата беріп, тілек айтамыз. Осы бір мақал бүкіл қазақ халқының кім екенін айтып тұр. Қазақ ешқашан досын жауға бермеген, досын сатпаған, досын жолға тастамаған", - деген сөзін бауырлас халықтардың қазаққа деген ақжарма алғысы демеске бола ма?

Қазақ халқы жайында, оның қонақжайлығы, даналығы, даралығы турасында поляк саяхатшысы Адольф Янушкевич «Күнделіктер мен хаттар немесе қазақ даласына жасаған саяхат туралы жазбалар» еңбегінде жан-жақты тоқталады. Әдебиет зерттеушісі Василий Радловтың өткен ғасырдың басында жарық көрген «Алтын сандық» кітабы оқырмандар санасына қазақтың салт-дәстүрін ұялатуымен құнды. Сондай-ақ неміс халқының өкілі, қазақтың белгілі әрі танымал жазушысы Герольд Бельгер өзін әлемге танытқан қазақ тілін қадірлеуді саналы ғұмырында басты мұратына айналдырды.

Герольд Бельгер шығармаларын қазақ, орыс және неміс тілдерінде жазды. Өзге ұлт өкілі болса да, қазақтың әдебиетін, мәдениетін, тарихын жетік білді. Қазақ әдебиетінің шын жанашыры болды.

Абай мұраларын зерттеді, Ғабит Мүсірепов, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Әбіш Кекілбаев, Дүкенбай Досжан және тағы басқа қазақ жазушыларының шығармаларын орыс тіліне аударды.

"Ауыл шетіндегі үй", "Даладағы шағалалар", "Тас өткел", "Гете мен Абай" секілді көптеген туындысы оқырмандардан өз бағасын алды.

Мәселен жазушының "Кезбенің үйі" романы Қазақстандағы этникалық немістердің тағдырына арналған. Шығармада зұлмат ғасырдың ауыртпашылығын көрген қазақтар мен немістердің тағдыры суреттеледі.

"Менің әкем енді мен Еділге қайтпаймын, өз Отаныма оралмаймын, қазақтың арасында қаламын деген үлкен қағидаға бой ұрып, ақыр аяғында қазақ

ауылында үлкен ағаш үй салған азамат. Романның оқиғасы да осы бір эпизодтан басталады. Романдағы кейіпкерлер – менің әкем, еңбек армиясында болып, талай қорлық көрген інісі Христиан және Гарри есімді үшіншісі – өзім", - деді Бельгер осы романы жайлы.

Роман ойдан құралмаған, кейіпкерлерінің басым көпшілігі өмірде болған адамдар.

Бельгер екінші сыныптан бастап күнделік жазған. Кейін ол баспадан басылып шықты.

Еңбекқорлығы мен қарапайымдылығынан танбаған жазушы өмірінің соңғы күндеріне дейін қолынан қаламын тастаған жоқ.

Герольд Бельгердің қазақ тілі туралы ойлары қазақ ұлтының рухын көтеруге ықпал етті. Жеті жасынан жер аударылған неміс баланың жүрегі қашан да "қазақ" деп соқты. Ол жазушының мына сөздерінен анық сезіледі:

"Қазақ тілі үшін барымды беруге дайынмын. Менің рухани тірегім Абай Құнанбайұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мұхтар Әуезов. Қазақ тіліне үңілген сайын тереңдей түстім".

"Қазақ тілі қазір тек қана кедей қазақтарға, ауылдың қазағына, доллары жоқ қазақтарға керек боп қалды. Қазақтың өзінің жүрекжарды тілі болуы керек. Соған жете алмай жүрміз. Оны мен емес, қазақтардың өздері айтуға тиіс. Менікі жай ғана қазақтың арасында өскендіктен, қазақтың тілін білгендіктен, қазақтың өзін танығандықтан айтып отырған дүние ғой".

"Өмірімнің 43 жылын қазақтардың арасында, қазақ тіліне құлағымның құрышын қандырумен келген екенмін. Менің ұғым-түйсігімде қазақ тілі құдды қазақтың осынау кеңпейіл, мейірбан дархан даласы сияқты ғажайып ұшан-теңіз бай, шешен де көркем тіл. Тек сол оралымды бай тілді "қиыннан қиыстырар ел данасы" керек. Өз басым осылай түсінемін".

"Мен қазақ алфавитін өзгертуді қалайтын адамдардың бірімін. Латын қарпіне көшудің жолында жүрген адаммын. Мақсатым – латын әрпіне көшсек, Шығыс, оның ішінде түркі халықтарының басы қосыла ма деген ой. Қазақ қайсысын қабылдаса, қайсысын дұрыс деп есептесе, мен соған қолымды көтерем де, соның бағытымен кетем".

"Келер ұрпақ менің қай тілде жазғаныма емес, сөзімнің салмағына назар аударар деп үміттенемін. Маған қазір ең жақыны - қазақ пен неміс. Қазақты бірінші орынға қойғанымды жағымпаздық деп қабылдамаңыз. Қазақ мұндайда "Бала баққандікі ме, әлде тапқандікі ме?" дейді. Мені неміс тапса да, жарқырап көрінуіме себеп болған қазақ қой. Сондықтан мен неміс пен қазақтың төсін қатар еміп өскен арда ұлмын".

«Қазақ қазақ болып қалуы керек. Сонда ғана ұтылмайсың. Бәрібір сенен француз, ағылшын не неміс шықпайды. Ал қазақтығыңды сақтап қалсаң, міне, азамат, бүкіл дүниежүзі алдында өзінің адамдық қасиеттеріңді сақтап қаласың дегенді мен осыған дейін тоқсан тоғыз рет айтқанмын. Міне, бүгін жүзінші рет қайталап отырмын. Қазір менің ұйқымыды қашырып, мазалайтын нәрсе көп. Оның бірі – жоғарыда аздап тоқталып өткен қазақтығыңды, қазақтың менталитетін сақтап қалу, тіл мәселесі. Өйткені қазақтар қазір қалай болса солай сөйлейтін болды. Өзге тілдерді араластырып, ботқа жасайды. Сол жағы қатты ойлантады. Бұл келешекте қалай болар екен? Екінші, мені мазалайтын қазақ тілінің ерекшелігі, көркемдігі көп айтылғанымен, қазақша сөйлеу мәнері жоғалып келе жатыр», - деп тіліміздің келешегі жөнінде толғанады.

Өмір көші алға жылжып барады. Қазақ халқы өзі бауырласқан ұлттарға сіңісіп кетпей тілін, ділін, салт-санасын бұзбай келешекке апарары анық. Оны ізгі ниетті ұлттар мен ұлыстар жоққа шығармайды.

## Бала тәрбиесі - басты құндылық

Бала – басты байлығымыз, ал ең асылы – оның тәрбиесі. Ал отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы алтын ұясы. Бала тәрбиесі ұлт таңдамайды, тәрбие барлық ұлтқа қызмет етеді. Әр ұлттың тәрбие беруі әрқилы болса да, бала атаулыға ортақ құндылықтар бар. Олар – туған отбасы, ұядай жылы үй, ата-анасының қамқорлығы мен сүйіспеншілігі.

Келешек ұрпақты ұлттық, халықтық тұрғыдан тәрбиелеу маңызды. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Қазақ отбасында балаға тіл шығып, анық сөйлей бастаған кезде-ақ ағайын туысты, нағашы жұртын, ата-тегін, руын, ел жұртын білдіруге ерекше көңіл бөлген. «Жеті атасын білу» заң болған. Ата-бабаларымыз өз тегінің шығу тарихын білуді әр азаматқа парыз деп ұққан. Баланың өзі шыққан тегін білуі оның азаматтық, елжандылық, Отан сүйгіштік қасиеттерін қалыптастырады деп есептеген.

Қазақ халқының салт-дәстүрінің ұрпақ тәрбиесіне қосар үлесі аса зор, мәні үлкен. Ендеше балаларымызға білім мен тәрбие беру барысында ұлттық салт-дәстүрлерін дұрыс жеткізе білсек, ертеңгі күні олардан ұлтжанды қазақ азаматы шығатынына көміл сенуге болады.

**А. АБЕЛЬДАНОВА,**  
Алмалы орта мектебінің  
мұғалімі.

## Балабақша – баланың болашағына бастар жол

**Б**алабақша – әрбір баланың алғашқы білім мен тәрбиені алатын, өмірге бейімделуді үйренетін маңызды орын. Бүгінгі таңда ата-аналар өз балаларына тек жақсы тәрбие ғана емес, сапалы білім беруді де мақсат етеді. Осы орайда, балабақшаның рөлі айрықша.

Біздің елімізде балабақшалар балаларға жай ғана қарау немесе уақыт өткізу орны емес, олардың жан-жақты дамуына жағдай жасайтын мекеме болып табылады. Мұнда сәбилер өздерінің алғашқы достарын тауып, тәртіп пен жауапкершілікті меңгеріп, қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауды үйренеді.

Балабақша – баланың дамуына әсер ететін маңызды орта

Әрбір ата-ана баласының қауіпсіз, жылы ортада өсіп-жетілуін қалайды. Балабақша – осы қажеттіліктерді қанағаттандыратын маңызды мекеме. Балабақшада балалардың физикалық, интеллектуалдық, эмоционалдық және әлеуметтік дамуы үшін барлық жағдай жасалған.

### 1. Әлеуметтік дағдылардың қалыптасуы

Балабақшадағы топтық орта балаларға қарым-қатынас жасауды үйретеді. Олар достық қарым-қатынас орнатуды, үлкендермен және құрдастарымен дұрыс сөйлесуді, өз ойын ашық айтуға дағдыланады. Бұл дағдылар олардың болашақта мектеп пен өмірге тез бейімделуіне көмектеседі.

### 2. Білім мен таным көкжиегін кеңейту

Балабақшаларда жас ерекшеліктеріне

қарай арнайы оқу бағдарламалары әзірленген. Балалар әріптер мен сандарды танып, сөйлеу дағдыларын жетілдіреді, қоршаған ортаны зерттеуге қызығушылықтары оянады. Сонымен қатар, ертегілер тыңдау, жұмбақтар шешу, сурет салу, ән айту және билеу секілді шығармашылық сабақтар олардың ойлау қабілетін дамытуға оң әсерін тигізеді.

### 3. Тәрбиелік мәні

Балабақша – тек білім беретін емес, сонымен қатар тәрбие беретін мекеме. Мұнда балалар үлкендерді құрметтеуді, кішіге қамқор болуды, тазалық пен ұқыптылықты сақтауды үйренеді. Балабақшада балалар дұрыс сөйлеуді, өзін-өзі ұстау әдебін меңгереді.

### 4. Денсаулық пен дене тәрбиесі

Балабақшаларда балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға ерекше көңіл бөлінеді. Белгілі бір уақыт аралығында серуендеу, гимнастикалық жаттығулар жасау, түрлі қимыл-қозғалыс ойындары балалардың физикалық дамуына оң әсерін тигізеді. Сонымен қатар, дұрыс тамақтану, күн тәртібін сақтау, санитарлық-гигиеналық ережелерді үйрену – баланың болашақта салауатты өмір салтын ұстануына негіз болады.

Көптеген ата-аналар балаларының білімді, тәртіпті, тәрбиелі болып өсуіне

үлес қосқан балабақша ұжымына өз ризашылықтарын білдіреді. Балабақша – баланы өмірдің алғашқы мектебіне дайындайтын орын. Осы жолда балаларға сапалы тәрбие беріп, оларға қамқорлық көрсететін тәрбиешілердің еңбегі зор.

Осы орайда Жетісу облысы білім басқармасының Сарқан ауданы бойынша білім бөлімі мемлекеттік мекемесінің санаторлық тобымен "Балдырған" бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының меңгеруші міндетін атқарушы: Дармишева Эльмира Ергалиевнаға, тәрбиешілері: Амренова Айнура Бутейовна, Отарбекова Гүлнар Несипбалаевна, Агадаева Нұржан Қабдолдақызына ата-ана ретінде ерекше алғысымды білдіремін. Бала тәрбиесі мен біліміне қосқан үлестеріңіз орасан зор. Алған бағыттарыңыз айқын, мақсаттарыңыз белгілі ғой, осы жолдан таймай қызмет ете беріңіздер.

Қорытындылай келгенде, балабақша – баланың болашағына үлкен әсер ететін маңызды орын. Мұнда алған тәрбие, білім және дағдылар оның болашақ өміріне негіз болады. Балабақшадағы тәрбиешілер мен педагогтар балаларға тек білімі мен тәжірибесін беріп қана қоймай, оларға мейіріммен қарап, қамқорлық көрсетеді.

Ата-аналар үшін ең үлкен қуаныш – балаларының бақытты, дені сау және білімді болып өсуі. Осы орайда, балабақша – балалардың жан-жақты дамуына мүмкіндік беретін алғашқы баспалдақ. Сондықтан баланың болашағын ойлаған әрбір ата-ана оған дұрыс балабақша таңдап, оның дамуына жағдай жасауы қажет.

**Н.ОНГАРБАЕВА,**  
«Балдырған» бөбекжай бақшасы  
«Тұлпар» тобының ата-аналары  
атынан.

**Қазақстанның әрбір өңірі өзіндік ерекшелігімен дараланады. Ал Жетісудың інжу-маржаны саналатын Сарқан – табиғаты көркем, тарихы терең, мәдениеті бай аймақтардың бірі. Жасыл желекке оранған, суы мөлдір өзендері мен биік таулары бар бұл мекен талай ұрпақтың кіндік қаны тамған қасиетті жер.**

## Саялы төрім - Сарқаным

**Табиғаты мен географиялық орны.** Сарқан ауданы Жетісу облысының солтүстік-шығысында орналасқан. Бұл өлке Алтынөмел, Жетісу Алатауы және Лепсі тауларының бөктерінде жайғасқан. Мұнда Іле өзенінің салалары, Сарқан және Басқан өзендері ағып өтеді. Жазық дала мен таулы аймақтардың әдемі үйлесімі өңірдің табиғи байлығын айқындайды. Сарқанның орманды белдеулері мен жасыл жайылымдары ауыл шаруашылығы үшін барынша қолайлы жағдай жасайды.

**Тарихы мен мәдени мұрасы.** Сарқан өңірі ежелден қазақ халқының көшіп-қонып, өркен жайған жері. Бұл өлке – қазақтың батырлары мен би-шешендері дүниеге келген тарихи мекен. Сарқан аумағында орналасқан ежелгі қалашықтар мен археологиялық ескерткіштер өткен ғасырлардан сыр шертіп, тамырлы тарихымыздан хабар береді. Кеңес дәуірінде Сарқан экономикалық және мәдени тұрғыдан қарқынды дамыды. Жергілікті халық мал шаруашылығы мен егіншілікпен айналысып, өңірдің өркендеуіне үлес қосты. Қазіргі таңда саялы өңір заманауи ауыл шаруашылығы мен туризмді дамытуда маңызды рөл атқарады.

**Аудандық кітапхана – руханият ордасы.** Сарқан ауданының мәдени өмірінде маңызды орын алатын рухани ошақтардың бірі – аудандық орталық кітапханасы бұл – тек кітап сақтау орны ғана емес, сондай-ақ жастардың білімін жетілдіретін, рухани дамуына ықпал ететін мәдени орталық. Кітапхана қорында қазақ және әлем әдебиетінің классикалық шығармалары, заманауи ғылыми еңбектер, балалар әдебиеті және өлкетану бағытындағы еңбектер бар. Сонымен қатар, мұнда оқырмандар үшін түрлі әдеби кештер, конференциялар мен шығармашылық кездесулер сынды тағылымдық-тәрбиелік маңызы зор іс-шаралар тұрақты түрде өткізіліп, әр түрлі тақырыпта кітап көрмелері безендіріліп, көпшілік оқырман қауымға ұсынылады. Бұл рухани орталық Сарқанның мәдени дамуына үлкен үлес қосып, жастардың әдебиетке, туған өлке тарихына деген құштарлығын арттыруда. Сарқан аудандық орталық кітапхана секілді мәдени ошақтар ұрпақтың рухани кемелденуіне жол ашып, білімге деген құштарлығын арттыруда.

**Қазіргі дамуы және болашағы.** Бүгінде Сарқан – гүлденген, инфрақұрылымы жақсы дамыған аймақ. Мұнда білім беру, денсаулық сақтау және мәдениет салалары жақсы жолға қойылған. Аудан орталығы – Сарқан қаласы, онда түрлі мәдени-спорттық шаралар өткізіліп, жастарға мол мүмкіндіктер қарастырылған. Сонымен қатар, өңірде экотуризм мен агротуризмді дамытуға үлкен мүмкіндіктер бар. Жетісу Алатауының әсем табиғаты, таза ауасы мен шипалы суларын тамашалау үшін жыл сайын көптеген туристер ағылып, еліміздің табысын еселеуде.

Ойымды қорытындылай келе құт-береке дарыған, тамырлы тарихы, тамсанарлық табиғаты бар осынау өлкенің «Саялы төрім, Сарқаным» деп аталуы бекер емес. Сарқанның жасыл белдеулері, мөлдір сулы өзендері мен асқар таулары туған жердің қадірін түсінетін әрбір жан үшін қымбат мекен.

**Ақбота ӘДІЛХАН,**  
I.Жансүгіров атындағы университеттің 3-курс студенті.

## Жас ұрпақ тәрбиесін ұлттық құндылықтармен ұштастырайық

Қазіргі таңда болашақ ұрпақты өз халқының тарихы мен тегінен, салт-дәстүрінен, тілінен, ұлттық құндылықтарынан барынша хабардар шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеу – заман талабы мен қоғам қажеттілігі болып отыр.

Жалпы жер бетіндегі әр ұлттың өзінің ұлттық құндылықтары болады. Бір ұлтты ерекшелендіріп тұратын оның тілі, ертегілері, мақал-мәтелдері, лиро-эпостық және батырлар жырлары, әдет-ғұрпы, салт-санасы, менталитеті, мәдениеті, өнері, тағамдары, қолөнері, тұрмыстық бұйымдары, ойындары, т.б. өзгелерге ұқсамайтын қасиеттері. Осылардың бәрі – ұлттық құндылықтарға жатады. Ұлттық құндылықтарды әр ұлттың ата-бабалары өздерінің өмір сүру салтына байланысты шығарып, пайдаланып, дамытып ұрпақтарына мұра етіп қалдырып отырған. Сондықтан ұлттық құндылықтар сол ұлттың меншігі болып есептеледі. Ұлттық құндылықтарымызды шын бағалап, оны лайықты түрде дәріптеп алғанымызда ғана жоғымыз түгенделіп, өшкеніміз жана бермек.

Өз халқының тарихын, салтын, әдет-ғұрпын білетін, өз Отанын құрметтейтін, еліне жаны ашитын, ол үшін жауапкершілікті сезінетін тұлғаны тәрбиелеу ісінде ұлттық құндылықтар тәрбиенің негізгі өзегі болып табылады. Осы орайда білім алушылардың бойында осы қасиеттерді, құндылықтарды қалыптастыруда бірден-бір әсер ететін - білім саласында жүргізілетін тәрбиелік іс-шаралар. Адамның бойына жақсы адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы, өнер-білімді игеруі – өскен ортаға, үлгі-өнеге берер ұстазға және ұядан алған тәрбиеге тікелей байланысты.

Сондықтан алдымызда тұрған үлкен мақсат – ұлттық құндылықтарды қазіргі таңның мәдени жетістіктерімен үйлестіру. Заман ағымынан қалуға болмайды. Дей тұрғанмен жас ұрпақ тәрбиесінде ұлттық құндылықтарды барынша кең пайдалану өте өзекті. Сонда ғана тұлға бойында ұлттық рухани қасиеттер бірте-бірте қалыптасары сөзсіз. Тұлға бойындағы рухани құндылықтарды қалыптастырудың қайнар көзі - отбасы, әулет, әлеуметтік ортадағы ұлттық құндылық, ұлттық салт-сана, ұлт алдындағы міндет, парыз, намыс, ұлттық рух, ұлттық дәстүр, тұлға бойындағы ұлттық құндылықтың жоғары көрсеткіші. Сондай-ақ тәрбиенің негізі болып саналатын ұлттық құндылықтар жаһандану заманында ұлттың жойылып кетпеуінде маңызды рөл атқарады.

Қорыта айтқанда, бүгінгі күнде жастарды әдепті де саналы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен тәрбие ережелеріне сүйене отырып, ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, дінімізді, ата-бабаларымыздан қалған насихат-мұраларды жастардың санасына сіңіре білуіміз қажет. Тәрбиенің көзі ата-бабамыздан қалған мұралар мен дана сөздер десек, біз соларды насихаттайтын, келер ұрпаққа жеткізуші буынбыз. Ұрпақтар сабақтастығы деген де осы. Бүкіл қоғам болып қолға алып, мәдениетті, тәрбиелі болып жүруді әрқайсысымыз өзімізден бастасақ, жас ұрпақтың тәрбиесі де өз жемісін берері анық.

**Жұлдыз ҚАЖЫХАМИТ,**  
Шатырбай орта мектебінің тәрбиешісі.



•101 ескертеді

## Тұрмыстық газ баллонын қауіпсіз пайдалану



Газ баллондарын орнату және газ плиталарды пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігінің мына ережелерін қатаң сақтау қажет. Газ баллонын сатып алғанның өзінде, газ баллоны клапанының өткізбеушілігі мен тығыздауыш резеңке сақинасының жағдайы тексерілуі керек, оны газ баллондарын жүзеге асырушы фирманың қызметкері істеуі тиіс. Сондай-ақ, газ баллонының балқытып жабыстырылған жерлерінің тұтастығын көзбен шолып тексеру керек. Газ баллонына плита редукторын орнатқаннан кейін редуктор клапанын ашу қажет, өз кезегінде плитаның шүмектері жабық қалпында болуы тиіс. Осыдан кейін сабынның көпіршігі көмегімен газ баллоны мен плитаның резеңке түтігі жалғасқан жерде редуктордың өткізбеушілігін (герметикалығын) тексеру керек. Жалғанған жерде саңылаулар болса, сабынды көбікте көпіршіктер пайда болады, тап осы жағдайда редуктордың жағдайын тексеріп, баллонның тығыздағыш резеңке сақинасының тұтастығына тағы бір рет көз жеткізу қажет. Кез келген жағдайда жалғанған жерлерде ақау болғанда, газ плитасын қолдануға тыйым салынады. Сондай-ақ, резеңке түтіктің тұтастығын көзбен шолып тексеру қажет. Редуктордың герметикалығын тексеру үшін ашық отты қолдануға үзілді-кесілді тыйым салынады. Бұл өртке әкелуі мүмкін!

Дәл осылай газ плитасындағы газ түтіктерінің герметикалығын мерзімді түрде тексеріп тұру қажет. Газ плитасымен қолданған кезде: - жалғасқан жерлердің герметикалығын тексермей газ плитасын қолдануға; - газ плитасын қараусыз қалдыруға; - балаларға плитаны қолдануға; - плитада жанғыш сұйықтықтарды жылытуға тыйым салынады.

Тұрмыстық газды дұрыс емес пайдалану өрттерге, күйіктерге және т.б. салдарларға әкеп соқтыруы мүмкін екендігін тағы бір рет естеріңізге саламыз. Өзіңізді өрттің қауіп-қатеріне душар етпеңіз! Өрдайым өрт қауіпсіздігінің ережелерін сақтаңыздар! Өрт кезінде «101» немесе «112» телефон номеріне қоңырау шалыңыз!

## Улы газдан сақтан

Жетісу облысының аумағында жылыту маусымы басталғалы тұрғын үй секторда адам өлімі мен жарақаттану жағдайы орын алуда. Жылыту маусымы – өрттердің туындау мен улы газбен уланудың әдеттегіге қарағанда анағұрлым көп болатын кезеңі. Пештер, қолдан жасалған жылыту электр аспаптары, саяжайларда, жылыту трассаларында, жертөлелерде, нақты тұрғылықты орны жоқ адамдардың жиналу орындарында, басқа да орындарда от жағу себеп болады. Өрттердің туындау мен улы газбен уланудың себебі пештерді орнату қағидасын бұзудан болуы мүмкін. Бұл түтін құбырларының өту орындарын жеткіліксіз бөлу, пеш және қабырға арасында бос орындардың аз болуы, пеш алдында отқа төзімді темір табанның болмауын жатқызуға болады. Тағы бір зардап – пешті бензин, керосин немесе басқа да тез тұтанатын сұйықтармен жағу кезінде және пешті шамадан тыс қыздыру өртпен аяқталады. Осыны болдырмау үшін, жанатын отынның көлемін қатаң қадағалау қажет.

Барлық материалдардың (синтетикалық, пластикалық, лак, маталардың кейбір түрлері) іс жүзінде жануынан бөлінетін улы газдан адамдардың әр түрлі ауыр дәрежеде улануына әкеп соғады. Улы газдың түсі, дәмі болмағанымен уландырғыш болып табылады және тітіркендірмейді, оны тек иісінен сезуге болады. Улы газбен уланудың алғашқы белгілері: бастың ауруы, басқа салмақ түсуі, құлақтың шулауы, жүрек айнуы, бас айналуы мен жүрек соғуы болып табылады. Улы газбен улану кезіндегі алғашқы көмек: - бөрінен бұрын зардап шеккенді таза ауаға шығарып арқасымен жатқызу қажет (жылдың күн жылы уақытында далаға, ал салқын кезде желдетілген бөлмеге, баспалдақ торына); - жігерлі қимылмен зардап шеккеннің барлық денесін сипау; - басына және төсіне суық компресс қойылады; - егер зардап шеккен ес түсінде болса оған жылы шай беру ұсынылады; - егер адам ес түссіз болса мұрнына мұсетір спиртпен дымқылданған мақтаңы апару қажет; - егер демі болмаса өкпесіне жасанды демалдыру жасап, тез арада «Жедел жәрдемді» шақыру қажет.

**Құрметті Сарқан ауданының тұрғындары, «Пешпен жылытудың қауіптілігі – улы газбен улану» акциясын ескеріп, үй-жайларыңызда өрт қауіпсіздік ережелерін сақтауларыңызды сұраймыз.**

**Е.ТУРСУНОВ,**

Сарқан ауданы ТЖБ бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі.

## Өрт абайсыздықты кешірмейді

Біз өз қауіпсіздігімізге сенімді болғанымыз сонша, нағыз трагедияға айналуы мүмкін ұсақ-түйектерге де мән бермейміз. Біз күнделікті өмірдегі өрт қауіпсіздігі туралы айтып отырмыз - бұл бізге апат болғанша әдеттегідей болып көрінеді.

Өрт тек түтін мен оттың иісі емес. Бұл қираған үйлер, жоғалған өмірлер, талқандалған тағдырлар. Көбінесе оның себебі қарапайым абайсыздықта жатыр: пеште ұмытылған таба, ақаулы электр сымдары, қараусыз қалған шырақ... Бұл ештеңе емес сияқты көрінетін. Бірақ дәл осы «ұсақ-түйек» жыл сайын мыңдаған өрттерді тудырады.

Апаттың алдын алу үшін не істей алатынымызды ойластырайық: \* Үйден шықпас бұрын электр құрылғыларын тексеріңіз. Үтік, жылытқыш немесе телефонды зарядтау өшірілді ме? Розетка шамадан тыс жүктелді ме? \* Қосылған газ плиталары мен шамдарды қараусыз қалдырмаңыз. Тіпті бір минутқа! \* Жанғыш материалдарды өрт көздерінен алыс ұстаңыз. Бұл перделерге, жиһазға, қағазға қатысты. \* Түтін дабылдарын жүйелі түрде орнатыңыз және тексеріңіз. Олар өрт туралы ертерек ескерту арқылы сіздің өміріңізді сақтай алады. \* Электр сымдарының жақсы күйде екеніне көз жеткізіңіз. Ескі, зақымдалған сымдар тікелей өрт қауіпі болып табылады. \* Жанғыш сұйықтықтарды балалардың қолы жетпейтін жерде, арнайы бөлінген жерлерде сақтаңыз.

Есіңізде болсын: қауіпсіздік - сән-салтанат емес, қажеттілік! Сақтық шараларын елеусіз қалдырмаңыз, өзіңіз және жақындарыңызға қамқорлық жасаңыз!

**Ә. ҚАБДЕШОВ,**

Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.



**С начала года области Жетісу зарегистрировано 51 (61) фактов интернет мошенничества, в целом в сравнении с прошлым годом отмечается снижение интернет-мошенничества на 16,4 %.**

51 фактов интернет мошенничества в разбивке по регионам: г.Талдыкорган - 26, г.Текели - 3, Аксу – 2, Алаколь – 2, Ескельдинский - 3, Кербулакский – 2, Каратальский - 3, Коксуский – 1, Панфиловский – 6, Сарканский - 3.

В основном данный вид преступления совершается с использованием сотовых телефонов. Мошенники используют различные способы получения необходимых персональных данных граждан для доступа к банковским сведениям: представляются высокопоставленными сотрудниками полиции, направляя на мессенджер WhatsApp заранее подделанные, подтверждающие документы: служебные удостоверения, постановление о возбуждении досудебного расследования, заверенные гербовой печатью, представляются сотрудниками финансовых отделов различных банков. К примеру, Управлением полиции г.Талдыкорган расследуется досудебное расследование по заявлению гр. А. по факту незаконного оформления на нее онлайн денежного кредита и завладению ими. Далее, они вводят Вас в заблуждение о том, что на Вас оформлен кредит и просят сообщить сведения по банковской карте: номер карточки, CV код, расположенный на обратной стороне банковской карты.

Зачастую мошенники используют звонки на мессенджер WhatsApp, поскольку звонки в WhatsApp трудно отследить, так как данные лица могут находиться как внутри страны, так и за ее пределами. Интернет мошенничества совершаются также с использованием интернет сайтов: «Колеса», «Крыша», «OLX». Через социальные сети: «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук», «В контакте» при публикации объявлений о продаже имущества. При этом мошенники наиболее часто используют очень низкую стоимость дорогих вещей, привлекая таким образом покупателей.

В настоящее время в связи с активизацией данного вида преступлений органами полиции принимаются меры направленные на предотвращение совершения данного вида преступлений. МВД начал рассылку SMS уведомлений предупредительного характера о мошеннических действиях преступников.

Органы полиции Республики призывают граждан быть бдительными и придерживаться основных мер предосторожности.

**Основные рекомендации МВД:** 1. Ни в коем случае не следовать так называемым «телефонным инструкциям работников банков или правоохранительных органов об оформлении кредитов, продаже имущества и переводе своих денег на безопасные счета, либо оформлении займов. Правоохранительные органы не проводят специальных операций по телефону. 2. Никому не сообщать свои персональные данные, реквизиты пластиковых карт, не передавать квитанции о переводах, и тем более коды и кодовые слова даже лицам, представляющимися сотрудниками банка, полиции и т.д. 3. Не доверять персональные данные неизвестным и непроверенным сайтам и другим источникам. Без проверки не производить предоплату. Пробовать договориться об оплате после получения товара. Такие услуги предоставляются к примеру Казпочтой. 4. Не осуществлять переводы по сомнительным сделкам, остерегаться финансовых схем без прозрачного источника дохода. 5. Для установки приложений пользоваться только официальными источниками App Store, Play Market и т.д. 6. Не переходить по ссылкам, которые направляют якобы для оплаты либо данные могут содержаться с СПАМ рассылках от неизвестных контактов или в сплывающих окнах. Часто мошенники предлагают для оплаты перейти по ссылке, которая на самом деле является фишинговой. 7. Регулярно менять пароли доступа к услугам банкинга, использовать 3D защиту и другие меры безопасности, предлагаемые банками. 8. Чаше проверять движение денег на своих счетах.

**А.БАЛАБЕКОВ,**

прокурор отдела ФПИ в уголовной сфере Департамента Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры РК по области Жетісу.

## В защиту бизнеса

**В ходе расширенного заседания Правительства Глава государства объявил о запуске нового инвестиционного цикла. Как отметил Президент, проблемы с реализацией инвестпроектов особенно четко проявляются в регионах.**

Глава государства поручил обеспечить в стране благоприятный бизнес-климат, что послужит дополнительным стимулом для развития экономики.

В этой связи, введен «Прокурорский фильтр». Теперь любые запретительные решения госорганов, ограничивающие деятельность инвесторов, акты и решения налоговых органов о назначении проверок в деятельности инвесторов и другие функции подлежат согласованию с прокурорами.

Действующим законодательством в сфере государственного контроля и надзора определены единые принципы защиты прав и законных интересов субъектов бизнеса.

Наряду с этим введена новая форма проверки на соответствие квалификационным или разрешительным требованиям по выданным разрешениям и направленным уведомлениям.

Все новшества регламентированы главой 13 Предпринимательского Кодекса. Необходимо отметить, что весь процесс учета и регистрации проверок оцифрован в информационной системе «Единый реестр субъектов и объектов проверок» (ЕРСОП), которая на стадии регистрации обеспечивает защиту бизнеса от незаконных проверок, а также прозрачность государственного контроля и надзора. По всем интересующим вопросам, в том числе с обращениями о неправомерных действиях со стороны проверяющих госорганов, предприниматели могут обратиться в единый контакт-центр Генеральной прокуратуры (телефон - 115).

Также, любой предприниматель, к которому пришли с проверкой, может проверить регистрацию проверки на информационном портале Комитета «www.qatqog.gov.kz».

**А.НҰРТЕЛЕУ,**

прокурор Департамента Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры РК по области Жетісу.

**• Заң мен тәртіп**

**Тыныштыққа сына қаатылмасын**



**Ж**ұырда аудандық әкімдік өкілдері және полиция бөлімі кәсіпкерлер палатасында Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2023 жылғы 5 қазандағы № 366-НҚ бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілерін және террористік тұрғыдан осал ішкі сауда объектілерін терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі

нұсқаулықты түсіндіру мақсатында жиын өткізді.

Кездесу барысында жергілікті полиция қызметі бөлімінің учаскелік инспекторы, полиция капитаны Рүстем Ботбаев тарапынан террористік тұрғыдағы осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптар талқыланды. Жиында тәртіп сақшысы террористік тұрғыдан осал объектілерге, яғни, адамдар көп жиналатын объектілер қатарына – сауда алаңы, қоғамдық тамақтану объектілері, өздеріне жапсарлас ашық аумақты қоса алғанда, концерт залдары, спорт, ойын-сауық, көлік және өзге де көпшілік ғимараттары, білім беру және денсаулық сақтау ұйымдары, жататынын тіліне тиек етіп, сауда үйлерінің иелеріне қауіпсіздік мәселесіне салғырт қарамауға, ғимарат ішіндегі бейнебақылау жүйесінің ақаусыз жұмыс істеуін қадағалауды тапсырды.

**Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.**

**Сен туған күн, мерекеніңен!**



Жарты ғасырдан астам уақытын ұстаздық қызметке арнап, шәкірттерді білім нәрімен сусындатқан, өскелең ұрпаққа тағылымды тәлім-тәрбие берген **Ахметқалиев Аманғали Сапаұлын** наурыз айының екінші жұлдызы күні туған күнімен, әрі мерей жасымен шын жүректен құттықтаймыз! Осынау жылдар ішінде өмірдің талай белестерінен табысты өтіп, бүгінде өркен жайған алып бәйтеректей үлкен бір әулеттің ақылшы тірегі, арқа сүйері болып отырсыз. Құрметті де қадірлі аға! Біз сізді жан жүрегімізбен жарқылдай қуана отырып құттықтап, мерей өсірер мерейтой күні Сізге денсаулығыңыз күйлі-қуатты, ғұмырыңыз ұзағынан, көрер қуанышыңыз молынан болсын деп тілейміз! Мерейіңіз үстем, қадір-қасиетіңіз зор болсын. Өзіңізге деген шынайы лебізімізді

мына бір жыр жолдарымен жалғаймыз.

Құтты болсын 70 деген жасыңыз,  
Өлі талай асулардан асыңыз.  
Бақытты боп отбасы, ұжым ортасында,  
Қуаныштан аққан судай тасыңыз.  
Тірегіміз арқа сүйер өзіңіз,  
Жүздің дағы белесіне жетіңіз!

**Ізгі тілекпен: Жатай, Әлия, Айдос-Гүлмира, Мәди-Эльмира, Талғат-Маруа, Райымбек-Гүлфайрус, Талғат-Салтанат, Қарлығаш, Жанар.**

# Рамазан

## Ораза кестесі

# 2025

Һижри 1446 жыл

САРҚАН ҚАЛАСЫ

РАМАЗАН АЙЫ	АПТА КҮНДЕРІ	НАУРЫЗ	ТАҢ (Сәресі бітетін уақыты)	КҮННІҢ ШЫҒУЫ	БЕСІН	ЕКІНПІ	АҚШАМ (ауызашар уақыты)	ҚҰПТАН
1	Сенбі	1 Наурыз	04:58	06:16	11:56	15:43	17:30	18:48
2	Жексенбі	2 Наурыз	04:56	06:14	11:55	15:44	17:32	18:50
3	Дүйсенбі	3 Наурыз	04:54	06:12	11:55	15:45	17:33	18:51
4	Сейсенбі	4 Наурыз	04:53	06:10	11:55	15:47	17:34	18:52
5	Сәрсенбі	5 Наурыз	04:51	06:09	11:55	15:48	17:36	18:54
6	Бейсенбі	6 Наурыз	04:49	06:07	11:55	15:49	17:37	18:55
7	Жұма	7 Наурыз	04:47	06:05	11:54	15:50	17:38	18:56
8	Сенбі	8 Наурыз	04:45	06:03	11:54	15:51	17:40	18:58
9	Жексенбі	9 Наурыз	04:43	06:01	11:54	15:52	17:41	18:59
10	Дүйсенбі	10 Наурыз	04:42	05:59	11:54	15:53	17:42	19:01
11	Сейсенбі	11 Наурыз	04:40	05:58	11:53	15:55	17:44	19:02
12	Сәрсенбі	12 Наурыз	04:38	05:56	11:53	15:56	17:45	19:03
13	Бейсенбі	13 Наурыз	04:36	05:54	11:53	15:57	17:46	19:05
14	Жұма	14 Наурыз	04:34	05:52	11:53	15:58	17:48	19:06
15	Сенбі	15 Наурыз	04:32	05:50	11:52	15:59	17:49	19:07
16	Жексенбі	16 Наурыз	04:30	05:48	11:52	16:00	17:50	19:09
17	Дүйсенбі	17 Наурыз	04:28	05:46	11:52	16:01	17:52	19:10
18	Сейсенбі	18 Наурыз	04:26	05:44	11:51	16:02	17:53	19:12
19	Сәрсенбі	19 Наурыз	04:24	05:43	11:51	16:03	17:54	19:13
20	Бейсенбі	20 Наурыз	04:22	05:41	11:51	16:04	17:56	19:15
21	Жұма	21 Наурыз	04:20	05:39	11:50	16:05	17:57	19:16
22	Сенбі	22 Наурыз	04:18	05:37	11:50	16:06	17:58	19:17
23	Жексенбі	23 Наурыз	04:16	05:35	11:50	16:07	18:00	19:19
24	Дүйсенбі	24 Наурыз	04:14	05:33	11:50	16:08	18:01	19:20
25	Сейсенбі	25 Наурыз	04:12	05:31	11:49	16:09	18:02	19:22
26	Сәрсенбі	26 Наурыз	04:10	05:29	11:49	16:10	18:04	19:23
27	Бейсенбі	27 Наурыз	04:08	05:27	11:49	16:11	18:05	19:25
28	Жұма	28 Наурыз	04:06	05:25	11:48	16:12	18:06	19:26
29	Сенбі	29 Наурыз	04:03	05:24	11:48	16:13	18:07	19:28

**ЕСКЕРТУ:**

- Оразаға ниет: Алла Тағаланың разылығы үшін таң атқаннан күн батқанға дейін рамазан айының оразасын ұстауға ниет еттім.
- Ауызашар дұғасы: **Уа, Жаратқан Ием! Сенің разылығың үшін ораза ұстадым, Саған иман келтірдім, Саған тәуекел еттім, Сен берген ризықпен ауыз аштым. Уа, көшірмді Алла! Менің бұрыңғы және кейінгі күнеларымды көшірі!**
- Сақтық үшін сәресін 10 минут ерте жабу.
- Пітір садақасы жан басына **655** теңге.
- Пітір садақа және садақаны Kaspi.kz, Nalyk Homebank, ForteBank, Банк ЦентрКредит, Astana-Plat, Bereke Bank мобильді қосымшалары және Қазпошта арқылы аударуға болады.
- Қадір түні – наурыз айының 26-нан 27-не қараған түн.
- Ораза айт – 30 наурыз.

Рамазан кестесін **MuftyatBot** телеграм ботынан жүктеп алыңыз

Call орталық 24/7  
**+7(707)233 30 30**

**Мұқағали Мақатаевқа арнау**



Мұқағали біздің ақын ағамыз, Ізін қуып бізде ақын болармыз. Ұрпаққа жетті ізгі өнеге насихат, Есте сақтап үлгі өнеге алармыз.

Мұқағали сыйлаған асыл мұрамен, Сусындаған мына біздер ұрпақпыз. Салып берген ізгі жолын құрметтеп, Ардақ тұтып мәңгі есте сақтаймыз.

**Әмина ЖАНАБЫЛҚЫЗЫ, Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектептің 6 А сынып оқушысы.**

**Объявление**

► **Продается дом** по адресу г.Сарқан, ул. Тауелсіздік 247 с общей площадью 400 кв.м. с земельным участком 22 соток. Имеется баня, гараж, сеновал. Вода и канализация центральное, туалет в доме и на улице. Цена 15 млн., возможен обмен на 3-х или 4-х комнатные квартиры в г.Талдықорган. **Обращаться по тел: 8 776 737 05 48, 8 775 692 27 26.**

► **Иманбаев Батырбайдың** атына тіркелген Сарқан ауданы, Аманбөктер ауылдық округі аумағында орналасқан 48,01 га көлемді жердің (кадастрлық нөмірі 03-263-049-110) уақытша (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді) өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беретін 1510064 нөмірлі мемлекеттік тіркеу актісі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

<p><b>SARQAN</b></p> <p><b>Құрылтайшысы:</b> "Сарқан газеті" ЖШС директоры <b>ИГІМАН Жомарт Мақатұлы</b></p> <p><b>Бас редактор:</b> <b>ЖЕҢІСХАН Партия</b></p>	Меншік иесі: "Сарқан газеті" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі			Жарнама мен хабарландырулардың мәтініне жарнама беруші жауапты.
	Газет Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2019 жылғы 30 қазанда тіркеліп, №KZ46VPY00016564 куәлігі берілген.	Редакцияның мекен-жайы: <b>041500 Сарқан қаласы Тәуелсіздік көшесі, 117</b> Телефон: 2-20-47, 2-23-53 e-mail: <b>igiman01@mail.ru</b>	Таралымы: <b>3017</b> Осы шығарылымның таралымы: <b>3017</b> Газет индексі: <b>35202,15202</b> Офсеттік басылым 1 баспа табақ Газет аптасына бір рет жұма күні қазақ және орыс тілдерінде шығады.	Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Газет «Ербол - Али» ЖШС баспаханасында (Тәуелсіздік, 108) басылады.				